

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры

Ж.Е.Ішпекбаев
«16» _____ 2018 ж.



«Ару-Арт» клубының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. «Ару-Арт» клубы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтында қыз балаларға арналған қолөнердің түрлерін үйрету мақсатында құрылған шығармашылық клуб болып табылады.

1.2. Бұл Ереже клуб жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіру, дамыту жолдарын айқындайтын, клуб мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын реттеу және жүйелеу, клуб шеңберіндегі жоғарғы күші бар құжат болып саналады.

1.3. Клуб ережесіне өзгертулер мен толықтырулар тек клубтың жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі.

II. Клубтың мақсаты:

Клуб мақсаты – қыз балаларға арналған қолөнердің түрлерін үйрету, дәстүрімізді насихаттау. Студенттерге қосымша білім беруде олардың білімін, шеберлігін көрсету. Студент жастарды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

III. Клубтың басты міндеттері:

- Көркем сурет институттың студенттерін шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған маман тәрбиелеу;
- Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету;
- Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру;

- Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу;
- Институт студенттерін шығармашылыққа баулу;
- Киіз басу, тоқыма, киім тігуді үйрету;
- Әрбір студенттің қолдан жасалған өнерлерін көрмеге қатыстыру;
- Қолөнер жайлы ақпарат беру.

IV. Клубтың ұйымдастыруы мен қызметі:

1. Клуб құрылымы:

- Клуб кеңесі
- Жетекші
- Үйлестіруші
- Хатшы

2. Клубтың жоғарғы басқару органы – клубтың жалпы жиналысы табылады.

3. Клубтың жалпы жиналысы клуб мүшелерінен құралады.

4. Әрбір мүше клубтың жалпы жиналысына қатысады және бір ғана дауысқа ие.

5. Клубтың жоғарғы басқару органдарының айрықша құзіретіне мынандай мәселелер жатады:

- Клубтың жарғысына толықтырулар мен өзгерістер қабылдау, енгізу;
- Клубтың жетекшісін сайлау, ұйымдастырушылық құрылымын, өкілеттігін құру.

6. Клубтың жалпы жиналысының құзіретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, клуб қызметіне байланысты барлық мәселелерді клуб жетекшісі шешеді.

V. Клуб үйлестірушісі мен мүшелерінің міндеттері:

1. Клуб жетекшісінің міндеттері:

- Клуб мүшелерінің міндетін анықтау;
- Клуб мүшелерінің сұрақтары бойынша жиналыстар, семинарлар ұйымдастыру;
- Факультеттің жиналысында талқылауға сұрақтар енгізу;
- Клубтың кезекті және кезектен тыс жиналыстарын шақыру, күн тәртібіне мәселе қою;
- Үйлестіру кеңесінің шешімдерін басшылыққа алып, соны орындау бағытында жұмыс жасау;

- Айдың 25 жұлдызында (екі айда бір рет) институтының директоры клубтың жұмысы жайлы тиісті кестеге сай есеп беру;
- Клубтың болашақтағы және кезекті міндеттерін айқындау;
- Жұмыс істеу жоспарын жасап, оның орындалуын қадағалау;
- Қоғам мүшелерінің міндеттерін, олардың өкілдігін, жауапкершілігін анықтау;
- Жарғыны бұзғаны, Клубтың атына кір келтіретін әрекеттерге жол бергені немесе оған зиян келтіргені үшін Клуб мүшесіне ескерту жасау;
- Қойылған міндеттердің уақытында орындалуын қадағалау.

2. Клуб мүшелерінің міндеттері:

- Клубтың мақсат-мұраттарының жүзеге асуына белсенді түрде атсалысуға;
- Жарғы талаптары мен Клубтың барлық деңгейдегі басқару органдары қабылдаған шешімдерді орындауға;
- Клубтың жиналыстарына, Клуб ұйымдастырған іс-шараларға қатысып отыруға;
- Клуб намысын қорғауға және оның лайықты өкілі болуға;
- өзінің іс-әрекеттерімен Клубтың беделін нығайтуға;

VI. Клуб қызметін тоқтату

5.1. Клубтың қызметі заңды негізде тоқтатылуы мүмкін. Клубты ерікті түрде қайта құру, клуб кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.